

Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы  
диссертациялық кеңес туралы Ережеге  
4-қосымша

Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, доцент Садирова Кулзаг Қаниевнаның «БД021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Бақтиярова Райгуль Муратовнаның «Қазіргі медиалингвистикалық «Іскер әйел» концептісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

**ЖАЗБАША ШҚІРІ**

| р/н № | Критерийлер  | Критерийлер сәйкестігі  | Ресми рецензенттің ұстанымы  |
|-------|--|---|--|
| 1.    | <p>Диссертация тақырыбының (бөкіту күніне) ғылымының даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p> | <p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бөнджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бөкіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p> | <p>«Қазіргі медиалингвистикалық «Іскер әйел» концептісі» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы);</p> <p>2) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);</p> <p>3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (1. Ұлт тарихындағы кеністік пен уақыт. 21.11. 2018 ж.);</p> <p>4) ҚР Үкіметі жанындағы ЖЕТК бөкіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04. 2016 ж.);</p> <p>5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Франция Республикасының Еуропа және Сыртқы істер министрлігінің бірлескен «Абай-Верн» бағдарламасы.</p> |
| 2.    | <p>Ғылымға маңыздылығы</p>   | <p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>  | <p>Диссертант Р.М.Бақтиярова өз зерттеуі барысында лингвистика ғылымының концептология, лингвомәдениеттаным, когнитивтік, әлеуметтік бағыттарын сабақтастыра отырып зерттеу жүргізген және диссертация осы арқылы тіл білімі ғылымына елеулі үлес қосады. Ғылыми</p>   |

жұмыста концептология, дискурс теориясы мен лингвомәдениеттаным, когнитивтік және әлеуметтік, медиалингвистика, сапастырмалы тіл білімінің жалпы және жеке сұрақтары, олардың ұғымдық аппаратын толықтыру, медиадискурстағы концептілердің қалыптасуын («Іскер әйел» концептісін) сапастырмалы аспектіде зерттеу әдістемесі мен әдістерін әрі қарай жетілдірудің теориялық және практикалық маңыздылығы толық ашылған.

Қазіргі медиадискурстағы «Іскер әйел» концептісін объективтендірудің тілдік амаг-тәсілдері мен құралдарын, мән-мағыналық ерекшеліктерін қазақ және француз тіліндегі бұқаралық ақпарат материалдарына сүйене отырып сапастыра зерттеу арқылы орындалған осы диссертациялық жұмыс жалпы тіл білімі, жалпы және жеке лексикология, концептология, дискурс теориясы, лингвомәдениеттану, сапастырмалы тіл білімі, когнитивтік лингвистика, лингвистикалық зерттеу әдістері бойынша арнайы құрстар, дискурстық талдау және мәтін лингвистикасы құрстарын өткізуде, лексикографиялық тәжірибеде және медиадискурсты сапастырмалы талдауда қолдануда септігін тигізеді. Диссертациядағы ғылыми пайымдаулар мен тұжырымдар лингвистика ғылымының концептология, когнитивтік, әлеуметтік және лингвомәдениеттаным бағыттарын жана қырынан зерттеуге, медиадискурстағы концептілерді сапастырмалы аспектіде зерттеу әдістемесі мен әдістерін әрі қарай жетілдіруге теориялық және практикалық үлесін қосады.

Диссертант алғаш рет қазіргі медиадискурстағы «Іскер әйел» концептісін қазақ және француз тіліндегі медиамәтіндерге сүйене отырып сапастырмалы аспектіде қарастырып, «Іскер әйел» концептісіне қатысты қазақ және француз тіліндегі жағымды және жағымсыз коннотациялар, «Іскер әйел» концептісінің әмбебап компоненттері (әйел – ана, ұрғашы, нәзіктік) мен ұлттық компоненті, яғни этноскока тән ерекшеліктері (қазақ тілінде: тоқал алу, әменгерлік, бөйбіше, француз тілінде: әйел сырты әдемі, іші құртты, зұлымдық таратушы, тозақ қақпасының кілті) мәселелерін талдап, айырмасын саралаған (16-19 беттер), «Іскер әйел» тіркесінің мән-мағынасын «бизнесмен», бизнес-леди, бизнесвууман/бизнесвумен лексемаларымен сабақтастыра отырып, қазақ және француз лингвомәдениетіндегі айырмасын анықтаған, қазақ және француз лексикографиясында нақты тіркелмеген «Іскер әйел», медиамәтіндегі «Іскер әйел» ұғымдарына анықтама берген (42-бет), бұл концептінің екі

|  |  |   |
|--|--|---|
|  |  | <p>басқа лингвомәдениеттері қалыптасуына әсер еткен факторларды айқындаған (34-42 беттер).</p> <p>Медиадискурстың медиалингвистиканың зерттеу нысанына енетіндігін ағай отырып, анықтап, медиалингвистиканың негізгі категориялары мен ұғымдарының, оның ішінде медиадискурс пен медиамәтін ұғымдарының арақатынасын анықтап, сызбаға түсіріп (1-2-сурет, 24-25 беттер), медиадискурсты екі белгісіне (коммуникативтік қызмет, жүзеге асу арналары) қарап жіктеп, олардың әрбіріне (публицистикалық, жарнамалық, РР-дискурс, теле, радио-, компьютерлік) сипаттама берген, жанрлық түрлеріне жіктеген (23-33 беттер).</p> <p>Диссертант «іскер әйел» концептісін репрезентациялайтын прецеденттік феномендер қолданысын талдап, оғардың түрлі трансформациялары (компонентін алмастыру не жана компонент қосу арқылы) бұрыннан бар когнитивтік (тілдік) құрылымның түрлі нұсқаларының пайда болуына себеп болатынын, әрі мәнменіңге (жағдаятқа) тәуелділігін, бұл трансформациялану прецеденттік феномендердің фрейм-құрылымын да өзгеріске ұшырататынын тұжырымдап, нақты талдаулар арқылы дәлелдеген, аталған концептінің дифференциалды белгілерін айқындаған (43-47 беттер).</p> <p>Қазақ және француз медиамәтіндерін талдау нәтижесінде «іскер әйел» мен «табысты әйел» концептілерінің ажыратушы белгілері сараланып (1-кесте), аталған концептілердің мағыналық компоненттері салыстырылып, айырмашылығы анықталған.</p> <p>«Іскер әйел» концептісінің фреймдік құрылымының слоттары (менталды түйіндері) қазақ және француз медиамәтіндерін талдау негізінде сараланған, сызбаға түсірілген (78-86-беттер).</p> <p>Қазақ және француз медиамәтіндерінде «іскер әйел» бейнесін қалыптастыруда тұрақты жұмсалатын тілдік амал-тәсілдер мен бейнелеу тәсілдері, солардың ішінде медиамәтін тақырыпшаларында қолданылатын тілдік ойын сипаты талданып, жүйеленген, сараланған (91-97-беттер)</p> <p>Қазіргі медиадискурстағы «іскер әйел» концептісінің қазақ, орыс және француз тілдері иелерінің тілдік санасында концептуалдану ерекшелігін анықтау үшін сауалнама жүргізіліп, нәтижесі әлеуметтік аспектіде салғастырыла талданған (125-131-беттер).</p> <p>Диссертант түрлі лингвомәдени қауымдастықтар өкілдері тілдік санасының дескрипциясын ұсынған, оны осы бағыттағы басқа да зерттеуде</p> |
|--|--|---|

|    |                       |   |
|----|-----------------------|---|
| 3. | Өзі жазу принципі     | <p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol> <p>және салғастырмалы талдауларда қолдануға болады.</p> <p>Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қавідаптары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жағық. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алды. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделеген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі болып табылады (8-9 беттер).</p>  |
| 4. | Ішкі принципті бірлік | <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol> <p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген (5-бет). Қазіргі медиадискурстағы «іскер әйел» концептісін зерттеудің өзектілігі қазіргі қоғамда ақпараттық техно.логиялардың қарқынды дамуына байланысты массмедиа рөлінің артуымен, соның салдарынан ақпарат фасырында өмір сүретін туғанның үнемі медиакеңістіктегі ақпарат ағымының қысымында болатындығымен, медиашындықтың күнделіпкіті тұрмыста орын алатын басқа да шындықтарды ығыстыруы нәтижесіндегі адамның «тілдік болмысының» өзгеруімен және қазіргі тіл білімінде «медиа орта», «медиадискурс», «медиаментін» т.с.с. ұғымдардың түрліше түсіндірілуімен, әлеуметтің тілдік санаына бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалының жеткілікті зерттелмеуімен, концептілердің қалыптауына бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалын зерттеу әдістемесін әзірлеу қажеттігімен түсіндіріледі. Бұқаралық ақпарат құралдары «іскер әйел» туралы көзқарастар мен аялық білімдердің басты дереккөзі болғандықтан қоғамдық сананы қалыптастыратын негізгі институттардың біріне жататындығымен, қазақ лексикографиясында осы күнге дейін «іскер әйел» ұғымының нақты анықтамасының сөздікке тіркелмегенімен, арнайы зерттеу нысаны болмағанымен негізделген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol> <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұйындылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (8-бет).</p> <p>Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да қазіргі медиадискурстағы «іскер әйел» концептісінің ұлттық тілдік санада қалыптауының тілден тыс деректерін, прецеденттік сипатын, «табысты әйел» концептісінен ажыратушы белгілерін, «іскер әйел» концепті құрылымындағы когнитивтік стереотиптерді, «іскер әйел» концептісінің фреймдік үлгісін, қазіргі медиаментіндегі «іскер әйел» бейнесін қалыптастыратын тілдік құралдарды және қазақ, француз медиадискурсындағы «іскер әйел» концептуалдануының көрсеткіштерін</p> |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>       | <p>сауалнама негізінде әлеуметтік аспектіде анықтауға арналған.</p> <p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген (7-бет).</p> <p>Диссертант зерттеу мақсатын қазақ және француз тілдерінің материалды негізінде заманауи медиалық құрылымдағы «іскер әйел» концептісінің мазмұнын, құрылымын және тілдік репрезентациялау құралдарын айқындау деп пайымдаған және осы ғылыми пайымдауларын жұмыста дәлелдеген.</p>   |
|  | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol> | <p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы анықтамалардан, кіріспеде, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген.</p> <p>Диссертацияда медиалық құрылымдағы концептіні зерттеудің ғылыми-теориялық ұстанымдары концепт ұғымының анықталуы мен түрлі аспектіде зерттеуіне, құрылымына қатысты тұжырымдарға тоқтана отырып, қазақ және француз тіліндегі «іскер әйел» концептісіне қатысты «әйел» тірек компоненті бар мақал-мәтелдердің жағымды, жағымсыз коннотациялары, әмбебап және этностық ерекшелігі талдаулар арқылы айқындалған, дискурс, медиалық құрылым, медиалық дискурс, тажірибе ұғымдарының негізгі өлшемшерттары, түрлері мен жіктелімі, ұлттық тілдік санада «іскер әйел» концептісі қалыптасуының тілден тыс деректері, «іскер әйел» мағынасындағы бизнес-леди, бизнесмен атауларының бизнесмен лексемасының гендерлік корреляттары болып табылатындығы, «іскер әйел» концептісінің синонимдік қатарының бағалаушылық-бейтарап атаулармен толыққандығы талдана отырып, медиалық құрылымдағы «іскер әйел» ұғымына анықтама берген. Медиалық құрылымдағы «әйел, іскер әйел» концептілерінің прецеденттік сипаты, «іскер әйел» концептісінің дифференциалды белгілері сараланып көрсетілген. Медиалық құрылымдағы «іскер әйел» концептісінің мазмұндық-құрылымдық сипаты аталған концепті құрылымындағы когнитивтік стереотиптер, фреймдік үлгі, «іскер әйел» бейнесін қалыптастыратын тілдік құралдарды талдау арқылы анықталған. Әлеуметтік лингвистика аспектісінде дискурс, медиалық құрылымдағы зерттеу тажірибесіне сүйене отырып, қазақ, орыс, француз этностық ерекшеліктерінен сауалнама алынып, «іскер әйел» концептісіне анықталуының статистикалық көрсеткіштері салыстырылған. Осы</p> |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  |  | <p>тұста бөлім мен бөлімше атауларында, диссертация мазмұнында да <i>концепт</i> сөзінің «іскер әйел» тіркесімен екі түрлі тұлғада – бір жерде тұрелді, бір тұста жай септеліп (мысалы, 2-бөлімде ... «іскер әйел» концептісінің / 3-бөлімде ... «іскер әйел» концептінінің...) – жұмсалудың бірыңғайлау қажет екендігін айтуды жөн көрдік.</p>   |
|  | <p>4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br/>1) <b>сыни талдау бар;</b><br/>2) талдау жартылай жүргізілген;<br/>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p> | <p>Диссертанттың өзіндік пікірін білдіретін сыни талдау бар. Р.М.Бақтыарова ұсынып отырған жана шешімдер, қағидағтар диссертациялық жұмыста дәлелденіп, медиадискурсты, концептіні және оның шеңбер түрінде орын алған өрістік құрылымын анықтауға қатысты бұрыннан белгілі тұжырымдар сыни тұрғыдан салыстырылып бағаланған (24, 42, 44, 53 беттер).</p> <p>Диссертант медиадискурстағы «іскер әйел» концептісінің мән-мағыналық құрылымын, когнитивтік стереотиптер жүйесін, оны репрезентациялайтын тілдік амал-тәсілдерді, қазак және француз ғаламының тілдік бейнелеріндегі «іскер әйел» концептісін қалыптастырудағы медиадискурстың рөлін, қызметін концептуалды талдау әдісі, сипаттамалы-аналитикалық әдіс, концептіні фреймдік үлгілеу әдістері, салғастырмалы әдіс, әлеуметтік лингвистикалық зерттеу әдістері арқылы айқындаған (34-42; 78-86; 92-96; 106-125 беттер).</p> |
| <p>5. Ғылыми жанапшылдык принципші</p> | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жана болып табыла ма?<br/>1) <b>толығымен жана;</b><br/>2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);<br/>3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>   | <p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жана. Диссертант зерттеу барысында өзіндік талдаулар жасап, тын тұжырымдар ұсынған (41-42 беттер, 45 бет, 47-52 беттер, 71-74-беттер, 86-бет, 92-бет 97-бет). Диссертацияның ғылыми нәтижелері халықаралық Scopus мәліметтер базасына енгізілген басылымдарда 1 макала, ҚР БЖҒМ нін білім және ғылым саласы бойынша бақылау комитеті ұсынған басылымда 3 макала және шетелдік және отандық халықаралық конференцияларда 2 макала, шетелдік онлайн жинақта 1 макаланың жарық көруімен расталады.</p>  |
|  | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жана болып табыла ма?<br/>1) толығымен жана;<br/>2) <b>жартылай жана (25-75% жана болып табылады);</b><br/>3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>  | <p>Зерттеуде алынған қорытындылар жартылай жана.</p> <p>1. «іскер әйел» концептісі – іскери әйел бейнесінің қалыптасуы іскери қарым-қатынас саласындағы әйелдер рөлі мен стереотиптер үдерісімен қатар бұқаралық санадағы белгілі бір көзқарастар мен пікірлерге негізделген сан алуан түрлі когнитивтік белгілерден тұратын күрделі менталды құрылым екендігін бұқаралық ақпарат құрылдарының қоғамдық сананы қалыптастырушы негізгі, басты тетік екеніне және аталған атаудың қазак тілінде пайда болып қалыптасуының экстралингвистикалық</p>  |

себептеріне сүйене отырып, қазақ және француз лексикографиясында нақты тіркелмеген «іскер әйел» концептісіне когнитивтік-фреймдік талдау жасап «іскер әйел» концептісінің іргелі ұғымы «бизнесмен, бизнес-леди, кәсіпкер, бизнеспен айналысатын әйел» ретінде тіркелгені, қазақ мәдениетіндегі «іскер әйел» бейнесінің этникалық менталдылыққа негізделіп, ежелден қалыптасқан әйелдің отбасы және үймен байланысы кәсіпкерлік қызметте заңды түрде жалғасын табатыны, әйел мен еркектің мәртебелік рөлдері бұзылмайтыны, ал француз лингвомәдениетіндегі «іскер әйел» өзінің әйелдік міндетін (отбасын құру, балалы болу т.с.с.) екінші орынға ысыра алатынын, бұл концептілердің қалыптасуына әсер ететін факторларды нақты көрсете отырып, «іскер әйел», «медиамагнәтіндегі іскер әйел» ұғымдарына анықтама берген (42-бет). «іскер әйел» концептісін репрезентациялайтын прецеденттік феномендер анықталып, талданып, олардың трансформациялануы арқылы жана мән-мағынаның жасалып, басқа салаларға енуі «концепт-фрейм» құрылымының жана нұсқаларын тұғызатыны (52-54-беттер) толығымен жана қорытынды болып табылады.

2. «іскер әйел» концептісінің когнитивтік үлгісі бірнеше слоттардан («қызмет ортасы/ кәсіби мамандық», «моральді-психологиялық сипаттамалар және іскери қабілеттер», «жеке өмір және сыртқы келбет», «әлеуметтік орта мен материалдық әлем») тұратын сатылы тәуелді фрейм ретінде ұйымдастырылған, ерқайсысы өз алдына іскер әйелдерге тан типтік белгілерді айқындайтын микрослоттарға жіктелетін құрылым болып табылатындығы туралы қорытындысы қазақ және француз медиамагнәтіндегі талдау жасау нәтижесінде шығарылған (78-86 беттер), қорытынды жартылай жана. Себебі, бұл концептінің когнитивтік үлгісіне енетін слоттар (кәсіп, мамандық/ психологиялық сипаттамалар/ жеке өмірі/әлеуметтік ортасы мен материалдық жағдайының деңгейі) амбобап құрылымдар, оларды осы сияқты басқа да концептілердің, мысалы, іскер адам, туғна концептілерінің фреймдік құрылымдарынан да кездестіруге болады, олар мазмұндық толықтырылуынан ажыратылады.

3. Диссертант қазақ және француз медиамагнәтіндегі «іскер әйел» бейнесін қалыптастыратын тілдік құралдарды саралаған, олардың ішінде осы мақсатта типтік қолданылатын амал-тәсілдерді (бағалау категориясын білдіретін эмоционалды-экспрессивті лексика, эмоция мен эмоционалды күйді білдіретін зат есімдер, сын есімдер, етістіктер мен үстеулер, тұрақты

|    |                                     |   |
|----|-------------------------------------|---|
|    |                                     | <p>тіркестер, клише, мақал-метелдер т.б.) және тілдік ойың, оның медиаметін тақырыпшаларында қолданылуы, прецеденттік мәтіндер аллюзиясы мәселелеріне қатысты талдаулары негізінде (92-97 беттер) медиадискурстағы іскер әйел бейнесінің қалыптасу үдерісі тілдік құралдар арқылы сипатталатын мән-мағыналы құрылым екенін дәлелдеген, 3-қорытындысы жана.</p> <p>4. Қазақтың ментальдық лексиконында гендерлік стереотиптер мен жыныстық құндылықтардың өзгеше орын алуын а) кәсіпкерлік саласындағы әйел затына деген қоғамдағы көзқарас пен қатынастың ер азаматқа қарағанда өзгеше айқындалуымен; ә) біздің қоғамдағы әйелдердің бизнес саласында, билік саласында және басқа да басқару органдарында саны бойынша артта қалуымен; б) гендерлік теңсіздік дәрежесінің тарихи ұлттық менталитеті негізінде қалыптасуымен байланыстырған қорытындысын диссертант қазақ, орыс және француз респонденттері арасында жүргізілген сауалнама мен оны салыстырмалы талдау нәтижесі (125-128 беттер) негізінде түйіндеген. Қорытынды жана.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жана және негізделген.</p> <p>Заманауи медиадискурстағы «іскер әйел» концептісінің дифференциалды белгілерінің анықталуы (47-бет), «іскер әйел» ұғымына анықтама берілуі (52-бет), «іскер әйел» бейнесін қалыптастыратын тілдік амал-тәсілдер мен тілдік құралдардың және тілден тыс деректердің (33-42 беттер) талданып, жіктеліп, типтік қолданыстарының айқындалуы, алынған концептінің құрылымындағы когнитивтік стереотиптердің сипатталуы, прецеденттілік сипаты (42-бет), «іскер әйел» мен «табысты әйел» концептілерінің медиамәтіндегі белгілерінің ажыратылуы (64-бет), қазақ және француз медиамәтіндерін салғастыра талдау негізінде «іскер әйел» концептісінің лингвокогнитивтік ерекшеліктерінің анықталуы, түрлі лингвомәдени қауымдастық өкілдерінің тілдік санасының дескрипциясының алғаш рет ұсынылуы (107-бет) тіл ғылымына үлес қосатын басты жандылық болып табылады.</p> |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)   |



|  |  |   |
|--|--|---|
|  |  | <p>талдау нәтижесімен, қазақ ұлтының 100 өкілі, орыс ұлтының 100 өкілі, француз тілі 100 респондент қатысқан эксперименттік мәліметтердің салыстырмалы талдауымен негізделген.</p>  |
| <p>7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар</p> | <p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> | <p>1. «Іскер әйел» концептісі – іскери әйел бейнесінің қалыптасуы іскери қарым-қатынас саласындағы әйелдер рөлі мен стереотиптер үдерісімен қатар бұқаралық саналары белгілі бір көзқарастар мен пікірлерге негізделген сан-алуан түрлі когнитивтік белгілерден тұратын күрделі менталды құрылым» деген тұжырым қазақ және француз медиамәтіндеріндегі «іскер әйел» концептісіне когнитивтік-фреймдік талдау жасау арқылы дәлелденген (16-19; 52-54-беттер). Тривиалды емес. Жана Қолданыс аясы кең. Мақала түрінде дәлелденген.</p> <p>2. «Іскер әйел» концептісінің когнитивтік үлгісі бірнеше споттардан («қызымет ортасы/ кәсіби мамандық», «моральді-психологиялық сипаттамалар және іскери қабілеттер», «жеке өмір және сыртқы келбет», «әлеуметтік орта мен материалдық әлем») тұратын сатылы тәуелді фрейм ретінде ұйымдастырылған, арқайсысы өз алдына іскер әйелдерге тән типтік белгілерді айқындайтын микрослоттарға жіктелетін құрылым болып табылады. Қазақ және француз медиамәтін үзінділерін талдауға сүйене отырып дәлелденген (78-86-беттер). Тривиалды емес. Жана. Қолданыс аясы кең. Мақала түрінде дәлелденген.</p> <p>3. Қазақ және француз медиаликүресіндегі «іскер әйел» когнитивтік өңдеу үрдісінен өтетін іскер әйелге тән болып келетін қабілеттері, ақиқат болмыс туралы әдеттегі көзқарастар мен түсініктер, іскер әйел бейнесі мәдени-тарихи салт-дәстүрлерге сәйкес үйлесуі, медиаликүрестегі іскер әйел бейнесінің қалыптасу үдерісі «әйел» мен «ер» ұғымдарының өзектендірілуі шеңберінде тілдік құралдар арқылы сипатталатын мән-мағыналы құрылым. Зерттеудің 92-97-беттеріндегі қазақ және француз медиамәтіндерін талдау арқылы дәлелденген. Тривиалды емес. Жана. Қолданыс аясы кең. Мақала түрінде дәлелденген.</p> <p>4. Қазақтың ментальдық лексиконында гендерлік стереотиптер мен жыныстық құндылықтардың өзгеше орын алатын себептері мынадай: а) кәсіпкерлік саласындағы әйел затына деген қоғамдағы көзқарас пен қатынастың ер азаматқа қарағанда ерекшелігімен айқындалуы; ә) біздің қоғамдағы әйелдердің бизнес саласында, билік саласында және басқа да басқару органдарында саны бойынша артта қалуы; б) гендерлік теңсіздік дәрежесінің тарихи ұлттық менталитеті негізінде қалыптасуы. Аталған</p> |

|  |  |  |
|--|--|--|
|  |  | <p>тужырым казак, орыс, француз тілді респондент катыскан эксперименттік мәліметтердің салыстырмалы талдауы арқылы дәлелденген. Тривиялды емес. Жана Колданыс аясы кен. Мақала түрінде дәлелденген.</p>  |
| <p>8. Дәйектілік принципі<br/>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p> | <p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br/>1) ия;<br/>2) жоқ</p>  | <p>Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында нақты сипатталған (45-бет, 76-78; 104-беттер).<br/>Зерттеу жұмысында жашы ғылыми әдістер – индуктивті әдіс, бақылау, талдау; арнайы лингвистикалық әдістер: компоненттік және концептуалды талдау әдістері; котнгиивтік-фреймдік талдау, дискурс талдау әдістері: мәнмәтіндік талдау, салғастырмалы әдіс; салғастырмалы, салыстырмалы әдістер, салғастырмалы лингвомәдениеттану әдістері тиімді пайдаланылған және диссертант өз тарапынан медиадикурсаты «іскер әйел» ұғымының концептуалдану ерекшелігін, казак және француз ғаламының тілдік бейнесіндегі лингвомәдени ерекшеліктерді әлеуметтік аспектіде айқындау мақсатында эксперименттік әдісті (сауалнама, сұрақ-жауап) тиімді қолданған (45-бет, 76-78; 104-беттер).</p>   |
|  | <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br/>1) ия;<br/>2) жоқ</p> | <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.<br/>Диссертант CorelDRAW графикалық редакторын пайдалана отырып, медиалингвистиканың негізгі категориялары мен ұғымдарын (24-бет), медиамагетін мен медиадикурсатын басты айырмашылығын (25-бет), «іскер әйел» концептісінің дифференциалды белгілерін (47-бет), «іскер әйел» мен «табысты әйел» концептілерінің медиамагетіндердегі белгілерін (64-бет), мәдениет концептілері, мәдени стереотип пен мәдени концептінің арақатынасы (68-бет), ғалам бейнесі мен ғаламның тілдік бейнесінің арақатынасы (69-бет), ғаламның ұлттық-мәдени бейнесінің ғаламның тілдік бейнесімен арақатынасы (70-бет), «іскер әйел» концептінің фреймдік құрылымы (78-бет), эксперименттік мәліметтер қорытындылары (108-114; 118-122; 126-беттер) кесте, сызба, диаграммалар түрінде ұсынған (119-128 беттер).</p> |
|  | <p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және</p>  | <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (108-бет).</p>   |

|  |   |   |
|--|---|---|
| 9  | Практикалық   | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:  |
| <p>расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлделденді):</p> <p>1) ия;<br/>2) жоқ</p> | <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>  | <p>«іскер әйел» концептісінің түрлі лингвомәдени қауымдастықтар өкілдері тілдік санасының дескрипциясын ұсыну мақсатындағы эксперименттік талдау нәтижелері төмендегідей қорытындылар жасауға әкелген: қоғамдағы әйел мәртебесі ерлердің алатын орнынан өзгеше, өйткені олар ерлермен қатар қоғамдық өндіріске қатысып, сонымен бірге өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесімен байланысты ана қоғамдық рөлі қызметін де атқарады; медианетіндердегі «іскер әйел» бейнесінің жасалуы әйелдердің іскери қарым-қатынастар, іскери қызметтегі стереотиптері қалыптасуы мен тіркелу үдерістерімен тікелей байланысты жүреді. Бұқаралық санада тіркелетін іскер әйелдерге қатысты белгілі бір стандартты көзқарастар, пікірлер мен түсініктерге негізделді.</p> <p>Экспериментке қазақ, орыс, француз тілді 300 респондент (әр ұлттан 100) қатысқан.</p>  |
| <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>   |   | <p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттердің жалпы саны –241. Жалпы әлемдік лингвистикада контентті зерттеуге қатысты лингвокогнитивтік (Қ.Жаманбаева, Э.Д.Сүлейменова, Н.Айтова, Б.И.Нұрдіулетова, Э.Оразалиева, К.Салирова, С.А.Жиренов, А.Әмірбекова, т.б.), лингвомәдениеттанымдық (Е.Жансейісов, Ж.А.Манкеева, Н.Уәли, Ғ.Смағұлова, Б.Тілеубердиев, Б.Ақбердиева, Г.Снасапова, А.Ислам, М.Күшпаева, т.б.), логика-философиялық (Н.Д.Арутюнова, С.Е.Никитина, А.Д.Шмелев, Е.С.Яковлева және т.б.), психоллингвистикалық (А.А.Залевская, Е.В.Дукашевич, В.А.Пищальникова, Р.М.Фрумкина және т.б.) бағыттағы ғылыми еңбектерге және «іскер адам», «табысты әйел», «сақаткер әйел» т.с.с. ар түрлі мәдениетаралық мәнетіндер негізінде қалыптасқан лингвокогнитивтік көзқарастағы (Е.В.Долгова, М.С.Ипхохина, Ху Сюос, Е.С.Пронина т.б.) ғылымдар зерттеулеріне негізделген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынған және сілтемелермен расталған.</p> |
|  | <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, қазақ және француз медианетіндерінің дереккөздерін қосқанда 241 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен</p> |   |

|                                      |   |  |
|--------------------------------------|---|--|
| <p>құндылық принципі</p>             | <p>1) ия;<br/>2) жоқ</p>  | <p>пайымдаулар когнитивтік лингвистика, концептология, дискурсология, салғастырмалы тіл білімі, лингвомәдениеттаным, т.б. тіл білімі салаларының ғылыми-теориялық негіздеріне және аталған ғылым салаларының теориялық мәселелерінің іргелі дамуына елеулі үлес қосады.</p>  |
|                                      | <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br/>1) ия;<br/>2) жоқ</p>   | <p>Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы жапты тіл білімі, жапты және жеке лексикология, концептология, дискурс теориясы, лингвомәдениеттану, салғастырмалы тіл білімі, когнитивтік лингвистика, лингвистикалық зерттеу әдістері бойынша арнайы курстар, дискурстық талдау және мәтін лингвистикасы курстарын өткізуде, лексикографиялық тәжірибеде және медиадискурсты салғастырмалы талдауда қолдану мүмкіндігімен айқындайды. Лексикографиялық тәжірибеде және концептілерді салғастырмалы талдауда қолдануға болады.</p>  |
|                                      | <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады?<br/>1) <b>толығымен жана;</b><br/>2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);<br/>3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p> | <p>Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жана болып табылады. Қазіргі медиадискурстағы «Іскер әйел» концептісі алғаш рет қарастырылып отыр.<br/>Диссертанттың зерттеу жұмысы өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жаналығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы турғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін аяқталған ғылыми жұмыс.</p>   |
| <p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p> | <p>Академиялық жазу сапасы:<br/>1) <b>жоғары;</b><br/>2) орташа;<br/>3) орташадан төмен;<br/>4) төмен.</p>  | <p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүзегі асқан.<br/>Р.М.Бактиярованың диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жана, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады.<br/>Диссертант алғаш рет қазіргі медиадискурстағы «Іскер әйел» концептісін қазақ және француз тіліндегі медиаметіндерге сүйене отырып салғастыра талдап, «Іскер әйел» концептісіне қатысты қазақ және француз тіліндегі мақал-метелдердегі жағымды және жағымсыз коннотациялар, «Іскер әйел» концептісінің әмбебап компоненттері мен ұлттық компоненті, яғни этноскопа тән ерекшеліктері саралаған, «Іскер әйел» тіркесінің қазақ және француз лингвомәдениетіндегі айырмасын анықтаған, қазақ және француз лексикографиясында нақты тіркелмеген «Іскер әйел», медиаметіндегі «Іскер әйел» ұғымдарына анықтама берген, бұл концептінің екі басқа лингвомәдениеттегі қалыптасуына әсер еткен факторларды айқындаған.<br/>«Іскер әйел» концептісін репрезентациялайтын прецеденттік феномендер</p> |

|  |  |  |
|--|--|--|
|  |  | <p>қолданысын талдап, олардың түрлі трансформациялары (компонентті алмастыру не жана компонент қосу арқылы) бұрыннан бар когнитивтік (тілдік) құрылымның түрлі нұсқаларының пайда болуына себеп болатынын, әрі мәмәтіне (жағдаятқа) тәуелділігін, бұл трансформациялану прецеденттік феномендердің фрейм-құрылымын да өзгеріске ұшырататынын тужырымдап, нақты талдаулар арқылы дәлелдеген, аталған концептінің дифференциалды белгілерін жіктеген. Қазак және француз медиамәтіндерін талдау нәтижесінде «іскер әйел» мен «тайбысты әйел» концептілерінің ажыраушы белгілері саралаған, «іскер әйел» концептісінің фреймдік құрылымының слоттары (менталды түйіндері) қазак және француз медиамәтіндерін талдау негізінде құрылымданған.</p> <p>Қазак және француз медиамәтіндерінде «іскер әйел» бейнесін қалыптастыруда тұрақты жұмсалатын тілдік амал-тәсілдер мен бейнелеу тәсілдері, солардың ішінде медиамәтін тақырыпшаларында қолданылатын тілдік ойын сипаты талданып, жүйеленген, сараланған. Қазіргі медиадискурстағы «іскер әйел» концептісінің қазак, орыс және француз тілдері иелерінің тілдік санасында концептуалдану ерекшелігін анықтау үшін сауалнама жүргізіліп, нәтижесі әлеуметтік аспектіде салыстырылып талданған.</p> <p>Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы диссертанттың жоғары кәсіби біліктілігін танытады.</p> |
|--|--|--|

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны тысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанғында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Бақтиярова Райгуль Мұратовнанын «БД021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша «Қазіргі медиадискурстағы «Іскер әйел» концептісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына он пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алғұға лайық деп есептеймін.

Рецензент:

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті**  
**Қазак филологиясы кафедрасының профессоры,**  
**филология ғылымдарының докторы, доцент**

11.10.2022



Садилова К.К.